



Ақмешіт

2 қазан
сенбі

№78 (1780)

2021 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

ЖЫЛ
30

■ СЕССИЯ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҒЫЛЫММЕН БАЙЛАНЫСТЫРМАЙ НӘТИЖЕ ШЫҒАРУ ҚИЫН

Аптаның сәрсенбесінде қалалық мәслихаттың сессиясы өтті. Халық қалаулылары бас қосқан жиында қала әкімі Ғанибек Қазантаев баяндама жасап, алдағы уақытта атқарылар жұмыстарды саралады.

Сессия отырысына қалалық мәслихат хатшысы Ибадулла Құттықожаев төрағалық етті.

Жиында қала әкімі Қызылордада атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлары жөнінде хабарлама жасады. Шаһар басшысы қаладағы өзекті мәселелерді тиек етіп, депутаттардың ұсыныстары 2021-2023 жылдарға арналған қаланың 3 жылдық даму жоспарында көрініс табатындығын жеткізді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселеге орай, қалалық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Н.Әзірбек баяндама жасап, агроөнеркәсіп кешенін дамыту мен жақсарту шараларына тоқталды.

Халық қалаулылары да күн тәртібіндегі мәселелерге байланысты өз ұсыныс-пікірлерін жеткізді.

Сессия барысында «Қызылорда қаласында агроөнеркәсіп кешенін дамыту мен жақсарту шаралары туралы» мәселесін сессияға дайындау жөніндегі, уақытша комиссия төрағасы, қалалық мәслихаттағы «Nur Otan» партиясы депутаттық фракциясының жетек-



шісі Ж.Нұрымбетов қосымша хабарлама жасады. Ол егіс, бақша, мал шаруашылықтарының ғылыммен байланыста жұмыс жасамайтыны, шаруашылықтарды субсидиялауда кездесетін кедергілердің көптігі және субсидиялау қаражаты мақсатты субсидиялау мен мардымсыздығы, ет өнімділігін арттыру, мал тұқымын асылдандыру, ауыл шаруашылығын әртарапандыру мен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бақша дақылдарының ерте пісетін түрлерін егіп, жергілікті нарыққа жіберу, өндірілген өнімдерді сақтайтын, өткізетін логистикалық орталықтың жоқтығы, еліміздегі су тапшылығы мен қуаңшылыққа байланысты тамшылатып суландыру әдісін өндіріске кеңінен енгізу, шабындықтарды қолдан суландыру секілді мәселелер бойынша ұсыныстар білдірді.

Сессияға арнайы қатысқан облыстық мәслихат хатшысы Н.Байқадамов сөз сөйлеп, атқарылып жатқан жұмыстың аз еместігін тілге тиек етті.

А.АҚЫЛБЕК

■ СҰХБАТ

Елена Әбдіхалықова, ақын, композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

АУЫЛҒА НЕГЕ АСЫҒАМ?



– Елена апай, жағдайыңыз қалай? Өзіңіздің тыңдаушыңызға, жерлестеріңізге айтар жаңалығыңыз бар ма? Шынымды айтсам, сізді «Абай» арнасынан көріп қатты қуандым...

– Жағдай жұрт қатарлы... Осы індет жаңалық ашпақ түгілі «менмін» дегендерді есеңгіретіп тастады ғой. Жаңалығым – тірімін! Қазір осыдан артық жаңалық болмай қалды. «Абай» арнасы ашылған күннен бастап, «Сарасөз» хабарын жүргізуге ұлттық арна басшысы Ләззат Танысбайдың өзінен ұсыныс түсті. Шынымды айтайын, біріншіде сәл тосырқап, менің жасымда қалай болар екен деп ойланып қалдым. «Абай» арнасы ашылатынынан да бейхабар едім. Ол кісі «Сіздің қолыңыздан келеді, сырттай бақылап жүрмін» дегесін,

келісім бердім. Келіскенде де, бұрын теле арналарға жай қонақ болып барып жүріп, енді ашылатын арна болса, біраз ішінде жүріп, танысып, көремін, білмегенімді үйренемін деп ойлады. Арна басшысы Азамат Кеңесұлы «арғы күні түсірілімдер басталады, дайындалыңыз» дегенде, уақыттың аса тығыз және жедел кәсіби барлық мүмкіндігімізді пайдалану керек екенін түсініп, теле әлеміне «сүңгіп» кеттім. «Абай» арнасы ұлы ақынның өзінің тағдыры сияқты қиын кезде ашылды. Карантин, сізді өлімі көп, індеттен үркіп жүрген жұрт, бастапқыда екі апта бойы өзіміз ауырып жүріп, хабар жасадық. Абырой болғанда, «Абай» арнасы көрермені қалыптасқан, бағыты айқын, талғамы жоғары арналардың бірі болып шықты. Осы жазда 1 жылдығы аталып өтті. Бұл да менің шығармашылығымға үлкен жол болды.

4 БЕТТЕ

■ МЕРЕКЕҢМЕН, МҰҒАЛІМ!

ҮЗДІК МЕКТЕП ҚАНДАЙ?

Мемлекет болашағы жарқын, келешегі кемел болуы жолында еңбек етудің бірден-бір тетігі – өскелең ұрпаққа білім беру. Шәкіртті ілім-ғылымға үйрету мақсатында еңбек етіп жатқан білім ұясының бірі – Тәкей Есетов атындағы №264 мектеп-лицейі. Бұл білім ордасы биыл аймақ көлемінде «Үздік орта білім беру ұйымы» атанды.

3 БЕТТЕ



АҒАРТУ САЛАСЫНА АРНАЛҒАН ҒҰМЫР

Біз бүгінгі күні ғылым мен техника дамыған, өнер-білімнің түрлі саласы тың жаңалыққа толы қоғамда өмір сүрудеміз. Уақыт талабына сай саналы ұрпақ сапалы білім мен тәрбие беру үшін жан-жақты ізденісті, жауапкершілікті талап етеді. «Тәлім-тәрбие мен оқыту ісінің нәтижесі іс-әрекеттерден гөрі мұғалімдерге көбірек тәуелді» деген Ы.Алтынсариннің көрегендікпен айтқан пікірі қазіргі уақытта да маңызды.

3 БЕТТЕ



ҚУАНА БЕРШІ, АСЫЛ ҚАЗЫНАМ!



Міне, қазан айы келді. Әдетте күздің екінші айында күн салқындай түсетін. Бірақ биылғы қазан ерекше басталғандай. Күннің өзі де жылы шуағымен қарттарымызды қуантқандай. Адамдар да айналасындағы ардагерлерді, үлкен кісілерді құттықтап, мейірімділікке бөленгендей. Себебі 1 қазан – ата-әжелеріміздің, көпті көрген қарияларымыздың мерекесі.

Осы мерекеге орай Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты №1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығында «Қарты бар елдің қазынасы бар» атты мерекелік шарасы кең ауқымда аталып өтті. Аула іші арнайы мерекеге сай безендіріліп, қазан-оспақ асылып, бауырсақ пісіріліп, дастарқан жайылып, өнерпаздар әннен шашу шашуға кіріскен керемет көріністің куәсі бола алдық. Осындай құрметтің бәрі орталықтағы қарттарға арналды.

2 БЕТТЕ

Қаланың как ортасында «қарттар үйі» орналасқан. Бұл жерде қанша адам болса, сонша тағдыр бар. Осыдан үш жыл бұрын орталықтан қызмет алушы Ағайша Оспанова туралы жазған едік. Сондағы ол кісінің айтқан өткенге-айы әлі күнге дейін ойыма орала береді. Тіпті орталықтың жанынан өткен сайын сол сөзі еске түседі.

Биыл да осы орталыққа жол түсті. Мұнда қарттар мерекесіне қызу дайындық жүріп жатыр. Қызмет алушылардың көбі далада таза ауада серуендеп жүр. Бәрі де ой үстінде жүргендей көрінді. Бұл жерге келген әрбір бейтаныс жанға балаша жүзгендей қараған қамқорлық қариялардың тағдыры жан кинайды. Өлде менің аяушылық сезімім оларды көзіме солай көрсетті ме? Кім білсін... Есік алдында жүрген қазақтың қазыналарын көргенде іштей қызықталдым. Жүрегім ауырды. Ғимараттың іші тап-таза, жанға жайлы болғанымен көңілге кірің түсіреді. Еріксіз мұнажасын. Неге осынаша кәтіз болды екен деген ойға қаласын. Орталыққа кірген бойда жан-жағымнан Ағайша апаны іздедім. Арбада отыр екен. Қасына барып, жағдайын білдім. Осы тұста айта кетерлігі, орталықтағы қарттардың «қарны аш» дегенді бір емес, бірнеше рет естіген едік. Тіпті бұл мәселені өздері де жасырмайды. Сол себепті Ағайша апайдан «тамағына көңіліңіз тола ма?» деп қайта сұрадым. Басын ізеп, болады дегендей кейіпте біраз үнісіз отырды. Содан соң «Тамағы сол бағыт ғой. Көңіл толысын, томласын беретіні сол бір тамақ» деді...

І қазан – халықаралық қарттар күні. Бұл мереке елімізде жыл сайын тойланып, қарттарға құрмет көрсетіледі. Осы күні аз қамтамасыз етілген қарт адамға, жалғызбасты қарт зейнеткер мен мүмкіндігі шектеулі қарттарға көңіл бөлу, оларға материалдық, әлеуметтік-тұрмыстық және басқа да көмек көрсетеді.

Қариясын сыйлаған елде қасиет бар. Біздің елде үлкенді сыйлау, қарияны құрметтеу сонау ерте заманнан келе жатқан игі дәстүр. Тіпті жетімін жылатпаған, жесірін қаңғытпаған ел едік. Алайда заман өзгерді ме, адам өзгерді ме, қазір үйі көбейді. Тағдыр тоғыстырған жетімдер үйі, аналар үйі, қарттар үйі... Қазақ жат бұл үйлерде қуаныш емес, қамығу, шаттану емес, жабығу басым. Бірақ жат та болса, көпшілігі уақытына жылулықты осы үйден тапқан. Қасірет. Қазақтың қасіреті.

Ата сақалың аузына түскенде еліңе абыройлы, ағайын-туымса сыйлы болу,

ұрпағының ортасында отырып, солардың қуанышын көру қарттың келгенде бар адамның арманы ғой. Бірақ сол арман шынымен «арманға» айналса ше? Өзегіңді жарып шыққан өз балаң керексіз қылып, өзгенің босағасына апарып тастаса қайтпексің?..

Қазір кез келген қалада «Қарттар үйі» бар. Мереке қарсаңында қаладағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығына бас сұқтық. Бұлайша айтқанда, қадімгі қарттар

алмадық. Орталық қызметкерлері жабыққан жандардың жанын жадырату үшін қызметін аямайды. Осында суға түсіріп, таза киім кигізіп, жұмсақ төсекке жатқызып, ыстық тамақ беріледі. Қазіргі кезде орталықтың аса мезірінің тізімі мен күнделікті тамақтың видеосы түсіріп, облыстық жұмыспен қамту үйлестіру, және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы башысына тікелей «WhatsApp» әлеуметтік желісі арқылы жіберіп отырамыз.



ҚАРНЫ АШ ПА, КӨҢІЛІ АШ ПА?

үйі. Ең алғаш «Мейірімділік үйі» болып ашылған бұл орталықта баласынан бақыт таппай осы үйді паналап келген қариялар мен тұрақты күтім мен медициналық көмекке мұқтаж 1-2-топтағы мүгедектер тұрады. Бүгінде олардың саны 140-тан асады. Бір шаңырақ астында жеті ұлт өкілі тоғысқан. Бір өкіліміздің, соның ішінде жүзден астамы өзіміздің қарақөз қазақтар екен.

– Соңғы жылдары біздің орталықтың ақ мезірін сынаушылар көбейді. Бір жыл болды осы тамақтың мәселесін май шаммен қараудамыз. Әрбір қызметкерді кезекшілікке қойдық. Олар айына бір рет таңғы бесте келіп, асхана жұмысын қадағалайды. Аспашының тамаққа неше келі ет, май, сүт, қант салғанын бақылайды. Бұрын да тамақ сапасыз болды деп айта алмаймын. Мұндағы қызмет алушылардың неге көңілі толмайтынын түсіне

Қазіргі кезде «WhatsApp»-тан арнайы хат ашылған. Сонда барлығын салып отырамыз. Осылайша жан-жақтан бізді жіті қадағалайды. Сондықтан дәл қазіргі кезде тамақтың сапасына мәселе бар деген сөз шындыққа жанаспайды, – делі Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының башысы Лариса Көрбаева.

Қазіргі кезде бұл орталықта тазалық шежіре, монша, шаштараз жұмыс істейді. Физиокеңесу, емдік денешынықтыру кабинеттерін түрлі аппараттармен жабдықтаған. Сондай-ақ қарияларды еңбекке тарту мақсатында ағаш өңдеу цехы, кілем тоқу, тігін шеберханалары да іске қосылған.

Рас, мұнда келген қария «не ішем, не киім?» демейді. Төрт уақыт тамақ, киім-кешек тегін. Денсаулығы осындағы дәрігердің үнемі бақылауында. Ал кітапхана, теледидар,

концерттік зал қарттардың ұдайы бас қосатын орнына айналған. Талабы басқа болғанымен, тағдыры ортақ бәрінің. Қариялардан хал сұрай қалсаң, бәрі де «жағдайымыз жақсы» деумен ғана шектелді. Өркінің өз шындығы бар. Бір-екеуін әңгімеге тартып, көргенімен ашып әште айтады. Өркіне, оларға бітеу жаранын аузын тырнап, өткенді қайта қозғау оңай емес. Әлеуметтік қызметкер Айгүл апайдың қасында отырғаныма да жанымызға Жұмабай Сәдірбаев деген ақсақал келді. Жасы 70-ке тап қалса да тың көрінеді. Темір көтерерлей күші бар екені көрініп-ақ тұр. Көңіл-күйі де жап-жақсы.

– Мұнда түскендердің бақыт іздеп келмейтіні белгілі ғой. Балалары болса да, осында жүргендер бар ғой. Тағдыры әртүрлі. Бізге қызмет көрсетіп жүргендерге айтар өкілем жоқ. Қызметі адал бәрінің. Төрт мезгіл тамақ беріледі, төсек-жабығымызды ауыстырып тұрады. Ауырып қалсақ, дәрігеріміз бар. Заманас, қатарластарымызбен отырып, әңгіме-дүкен құрамыз. Өткен-кеткенді айтамыз. Тараз қаласында бауырымдай болып кеткен досым тұрады. Жылына екі-үш рет айлап сол жаққа барып келемін. Ол да көңілге медеу. Айтар өтінішім жоқ. Ал өкінішім... өкінішім – соныма ұрпағымын қалмауы, – делі терең күрсін.

Өркіне, бұл жер «өз үйі, өлен төсегіне» қайдан жете қойсын? Кезінде ата-анамыз аузы дуалы ақсақалдардың батасын, ақ жаулықты аналардың алғысын алуды құрмет санайтын. Соған бағына қуанып, мөл болатын. Алыста келе жатқан қарияға жаз беріп, алдын кесе өтпеуші еді. Біз соны көріп өстік. Қазір ше? Қазіргі қоғамда сол қарттардың көбі қариялар үйін паналап отыр. Бұрынғы қауқар кеткен. Аз күндік өмірін өзінің емес, өзгенің босағасына байлап берген өмірде не қызық, не мән бар дейсің?! Бәріне бірдей топшырақ шашудан аулақпыз. Дегенмен қазақ десе сөз өзімізге тиеді. Өз туған жерінде, ағайын-туыстың ортасында жүріп, қарттар үйінен сая тапқан қариясы көріп, ертеңгі күннің қандай боларына күмәнмен қарайсың.

Ойлап қарасаның, атық демің шығарда аузына бір жұт су тамызар туганының, баланың жанында болмауы қорқынышты-ақ. Осылайша ой үстінде келе жатқанда «Мінесіз бе?» деген қондулық даусынан қайта есімді жыем. Сөйтіп, артыма қарайлай-қарайлай қоғамдық көлікке отырдым.

Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ



МЕДИАЦИЯ – БІТІМГЕРЛІК БАСТАМАСЫ

Байырғы бабаларымыз «Бас жарылса, бөрік ішінде, қол сынса, жең ішінде» деп ел ішінде орын алған келеңсіздіктерді өзара келісіммен шешіп отырған. Өмір ақ пен қарадан тұрады. Ел болғанын әртүрлі жағдай орына алады. Бұрындары екі жақтан туындаған даулы мәселелерді арнайы билер алқасына салып саралайтын болған. Солардың кесімді пікіріне екі жақ бірауыздан келісіп, туындаған даулы мәселеге нүкте қойылатын. Бүгінде сол дәстүр сабақтастығы қайта жаңғырып, медиация тәртібі қолданысқа еніп отыр.

Екі адамның арасында туындаған даулы мәселені сот емес, медиатор арқылы шешу үрдіске айналды. Оның соттан басты айырмашылығы ортақ келісімге келуді міндеттейді. Қос тараптың да мәселесі толық қаралады.

Осындай орталықтың бірі – «Бітім» медиация орталығы» қоғамдық бірлестігі. «Қызылорда қаласында медиация қызметін дамыту» мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында 2020 жылдың мамыр айынан бастап «Азаматтарды қабылдау орталығы» жұмыс істейді. Онда халыққа заңгерлік кеңес пен медиациялық көмек беріліп келеді. Бұл орталықтың құрылғанына екі жылға жуық уақыт өтті. Осы екі жыл ішінде 2487 қала тұрғыны орталық мамандарының көмегіне жүгінген. Өткен жылы 1240 адам түйткілді мәселелерін шешсе, соның ішінде медиатор мамандарының көмегіне 975 адам жүгінген. Осы жылдың алты айында 1250 адамға қызмет көрсетіліп, 805 адамға медиатор көмегі ұсынылған.

– Медиация екі көзқарастың немесе екі жақтың ортасында болу, орта жолды ұсыну, бейтарапты болу деген мағынаны білдіреді. Заң нормаларына сүйенетін болсақ, медиация дегеніміз – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізу мақсатында медиатордың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы даулы реттеу рәсімі болып табылады. Медиацияны қолдануда өз алдына мақсаттар қойылған. Ол – даулы шешудің екі тараптың да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу. Тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету. Құпиялықты сақтау. Қазіргі таңда некені жалғастыруға, ата-ана құқықтарын жүзеге асыруға, балалардың тұрғылықты жерін белгілеуге, ата-аналарының балаларды бағып-күтуге, салымына қатысты ерлі-зайыптылар арасындағы келіспеушіліктер, сондай-ақ отбасылық қатынастардан туындайтын басқа да келіспеушіліктер медиация арқылы шешіліп отыр. Медиацияның ең негізгі артықшылығы, іс жүргізу рәсімінің құпиялығы, яғни не болғаны, не айтылғаны құпия болып қалады. Медиация осы бағытта жұмыс жасайды.

Ежелде көшпелі қазақ қоғамында билер институты қалыптасқан. Бүгінгі қалыптағы медиация XX ғасырдың 2-жартысында АҚШ-тан бастау алып, Англия, Австралия, кейін Еуропада белең алған. Салт-дәстүр ерекшеліктері ескерілген сот жүйесі бар Еуропа мемлекеттері осы қатидаттармен қаруланып, сот жүйесіне медиацияны енгізген. Дамыған әлемде болып жатқан жағдайлар көбіне жанашаланған – ерекше тәсілдер арқылы даулы-дамалыларды шешуді талап етеді. Біздің орталық мамандарының көмегіне жүгінген тұрғындардың көптеген даулы мәселелері оңтайлы шешіліп, медиативтік келісімдер жасалды. Ашып айтар болсақ, отбасы мәселесі оның ішінде неке дауы, көмелетке толмаған баланың нәпақасын төлеу, мүлік, жер, еңбек салығы несие, қарыз ақша өндіріту даулары мәселесі бойынша медиациялық келісімдер жасалды. Орталықтың жұмысы қала тұрғындарына қызмет көрсетумен шектелмейді. Көптеген іс-шаралар мен кездесулер ұйымдастырылды. Сөзіміздің дәлеліндей білім беру ұйымдарында және мекемелер мен кәсіпорындарда азаматтардың құқықтары мен міндеттері туралы бала-мыздың барлық жоғары оқу орындары мен арнаулы кәсіби білім беру ордаларының студенттерімен кездесулер өткізілді. Алдағы уақытта да осы бағытта жұмыс жүргізуде беретін болады, – дейді «Бітім» Медиациялық орталығы» қоғамдық бірлестігі директоры Ләззат Бақтыбаева.

Медиация қызметін дамыту аясында кәсіби және кәсіби емес медиаторлардың жетілдіріліп отырады. «Жалпы медиация курсы» бағдарламасы бойынша қала мектептерінің директоры мен орынбасарлары, психолог мамандары және кәсіптік қызметкерлері даярлық курсынан өтті. Курсқа қатысушылар «Конфликтология негіздері, жанжалдарды шешу негіздері және басқару тәсілдері» тақырыбы бойынша теория және практикадан өткізіледі. Медиаторға курсты табысты аяқтағандығы туралы сертификат, методикалық құжат, тартпа материалдары табысталады. Бұл әрбір маманның жұмысын жетік білетіндігін айғақтайды.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясының 2021 жылғы 29 қыркүйектегі шешімімен Қарауылтөбе ауылдық округінің әкімі болып Ахетов Еркін Абдрайханұлы тіркелді.

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы

ҚУАНА БЕРШІ, АСЫЛ ҚАЗЫНАМ!

Жан-жақты ұйымдастырылған мерекелік шараға облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, облыстық жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының орынбасары Мейрамбек Жақсылықұлы, сонымен қатар демеушілер тарапынан «Қызылорда-атқару жүйесі» департаментінің бастығы, подполковник Шаймерден Тәжіқұлұлы, «Даулет Азия» ЖШС директоры Талғат Сәбитұлы және жеке кәсіпкер «Үміт» директоры Айгүл Әділханқызы қытысты.

СЫЙҒА – СПОРТТЫҚ АЛАҢ

Ардагерлерге арналған шара барысында орталық ауласынан спорттық алаң ашылды. Осындағы қариялардың белсенді әрі ұзақ өмір сүру сапасын арттыру, дене қозғалысының ширақ та шымыр болып, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатын жандандыру негізінде спорттық алаңның қажеттілігі туындаған. Соған орай облыстық бюджеттен 12,8 млн теңге бөлініп, мемлекеттік сатып алу басқармасы арқылы конкурс жарияланған. Нәтижесінде «Касиет LTD» ЖШС жеңімпаз деп танылып, ғимарат алаңына 9 түрлі аула тренажері мен арнайы жүгіру жолы және тынығуға арналған орындықтар орнатылды.

Басы 1-бетте



Енді орталықтағы жандар бір мезгіл уақыттарын осы алаңда өткізетін болды. Мұндай сыйға қарттар риза. Бәрі алғыстарын айтаду.

МЕРЕКЕЛІК МЕЗЕТ

Одан соң ауладағы мерекелік сахнада облыстық филармонияның концерттік бағдарламасы ұйымдастырылды. Онда облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, облыстық жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы орынбасары Мейрамбек Жақсылықұлы барша ардагерлерді мерекемен құттықтап, ізгі тілегін білдірді.

Сонымен қатар түрлі ұлт өкілдері тағамдарынан «Алтын күз-2021» жәрмеңкесі де өтті. Оған қоса «Ас атасы – нан» дәстүрі бойынша «Бауырсақ патш» ұйымдастырылып, келген қонақтарға, қатысушыларға ыстық бауырсақтан дәм татқызды. Жалпы бұл шара қарттарға мерекелік көңіл-күй сыйлады. Сол күнгі тілектер, ән-шашулар, сый-сияпаттар, барлық қошемет асыл қазыналарға арналды. Иә, олар тек жасығыа лайық жандар.

БІР ҮЙДІҢ АДАМЫНДАЙ...

Бүгінде орталықта 141 қызмет алушы бар. Бірақ осы ардагердің ішінде бір қария ерекше көзімізге түсті. Басында

тақиясы, кеудесі орден, медальға толы, жүзі жарқын ардагер айналғасымен ашық-жарқын әңгімелесіп отыр екен. Біз де мерекесімен құттықтап, сөйлескіміз келді. Өзімізді таныстырдық. Ардагер де жақсы қабылдады. Құлімдеп қарсы алған қариямыз – 85 жастағы тыл ардагері Ереже Исбаев:

– Өзіме осы мереке сондай ыстық. Неге екенін білмеймін, мүмкін қарттарға арналған соң шығар. Себебі біз жылылықты, мейірімділікті күтеміз. Адам қартайған сайын бала секілді болады деген рас екен. Бәрі құттықтап жатыр. Жағдайымызды сұрап отырады. Қуанып қаламын.

Бұл орталықта тұрып жатқаныма сегіз жылдан асып барды. Бұл жерге келген себебім, жалғыз балам болды. Бірақ соңында тағдырдың тәлкегімен осында келдім. Қазір жағдайым жақсы, шүкір етемін. Осында өз ортам қалыптасты. Бір үйдің адамындаймыз, – делі Ереже атамыз.

– Ата, мерекенің тағы да құтты болсын! Ұзақ жасыңыз, – деген тілегіме одан сайын балаша қуанып, бізге ақ батасын беріп, «Айналайынды, осылай жағдайымызды біліп, жиі келіп тұрыңдар» делі. Иә, қазыналары қуанту үшін көп нәрсені қажет емес. Тек жайлы қарап, жылылық танытып, жақсы сөйлесеніз болғаны...



Ақтоқын НҮРЛЫБАЙ Суреттерді түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ



2021 жылғы көктемгі мерзімді әскери қызметке дәрігерлік сараптама комиссиясынан небәрі 343 шақырылушы өткен. Оның 297-і әскери қызметке жарамды деп танылса, 32 жас бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз деп танылған. 14 адам денсаулығына байланысты шақырылудан кейінге қалса, 38-і қайта тексерілуде келмеген. Одан бөлек, үйіне «ауысқан» келсе де медициналық тексерілуде келмегендер бар. Бұл туралы қала әкімдігі жанындағы баспасөз орталығында өткен брифингте айтылды.

Қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқарма бастығы, полковник Алмас Чуңқунов 2003-1994 жылғы азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру жұмыстары жүргізілгенін айтты. Оған қала әкімі шешімімен қалалық шақыру комиссиясы құрылып, азаматтардың денсаулығын тексеруге дәрігерлер және шақыру учаскесіндегі тәртіпті сақтау мақсатында бір полиция қызметкері тартылған. Осылайша, ҚР Қарулы күштеріне жастарды толықтыру жоспарына сай Қызылордадан 143 азамат әскерге аттандырылған.

Оның ішінде ҚР ҰҚК Шекара қызметі 16 адамға тапсырыс берсе, 14 адам жөнелтілген. ҚР Қарулы күштері



ӘСКЕРГЕ БАР, АЗАМАТ!

87 сарбазға тапсырыс беріп, 65-і және ҚР Ұлттық Ұланы берген 92 тапсырыстың өз себеп-салдары бар. Ол туралы қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқарма бастығы баяндап берді.

– Ең алдымен басқармада әскери есепте тұратын шақыртушылар тұрғылықты мекен жайында болмайтыны қиындық тудырады Бірі басқа қалаға жұмыс бабымен кетсе, өзгесі шет мемлекетке жүруі мүмкін. Тіпті ата-аналары «баламыздың қайда екенін білмейміз» деген жауап беретін кездер де болады. Сондай-ақ шақыртушылардың денсаулығында кі-нәрат болып, оларды шақырту кейінге қалдырылатын факті көп. Мұның барлығы Отан алдындағы қызметке жауапсыз қарау, отансүйгіштік сезімің болмауынан, – дейді полковник Алмас Тілеукабылұлы.

Осы мәселеге орай өңірдегі мемлекеттік жастар саясатын дамыту,

оның ішінде «Жастар арасында әскери-патриоттық шара ұйымдастыру» әлеуметтік қызметі қолға алынған. Осы мақсатта қала жастарына бірнеше арнайы шара ұйымдастырылмақ. Бұл туралы қалалық ішкі саясат бөлімінің башысы Парасат Жаңабегенов мәлімдеді.

– Қаладағы 324 мың тұрғынның 63 мыңы 14-29 жас аралығындағы жастар, яғни жастар қала халқының 19,5 процентін құрайды. Жастар саясатын дамыту мақсатында 7 жобаға 15 млн 899 мың теңге бөлінді. Сол жобалардың ішінде жастар арасындағы отансүйгіштік сезімді ояту, әскери қызметке баулу мақсатында атқарылатын шаралар да бар. Мәселен, жастарды әскерге шақыру бойынша бейнероликтер әзірленіп, әскерден келген сарбаздармен сұхбат, тікелей эфирлер ұйымдастырылады және «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының штабы құрылады. Одан бөлек,

жыл соңында қала әкімінің қатысуымен «Міндет. Абырой. Ерлік» тақырыбында қалалық әскери-патриоттық форум ұйымдастырылады, – дейді қалалық ішкі саясат бөлімінің башысы.

Жалпы Отан алдындағы қызмет – әр Қазақстан азаматының парызы. Десе де жыл санап әскерге баруға дайын жастар саны азайып, азаматтық міндетін бой тасалап жүргендер қатары артуда. Бұған қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқарма башысы айтқандай, 10 шілдеде басталған күзгі мерзімді әскери қызметке шақыру жұмыстарына 869 азамат шақырылып, оның тек 178-і келгені дәлел.

Қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқарма жастарды әскерге шақыру үшін тынбай жұмыс істеуде. Бұл қатарға ішкі саясат бөлімі де қосылып, жас қызылордалықтарға әскери борыштың маңыздылығын түсіндіруге кіріскен. Ендігі кезек тек жастардың Отан алдындағы міндетін түсініп, қарулы күштер қатарын толықтыруында.

А.НҮРАЗҒАЛИ

2010 жылы «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы аясында пайдалануға берілген білім ордасында бүгінде 151 сыныпта 3747 қызылордалық жас шәкірт тәлім алуа. Лицей оқушыларға жаратылыстану-математика бағытында білім береді. Мұнда оқушылардың сапалы білім алуы мен бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мақсатында ақпараттық-коммуникациялық технологиямен оқыту жүйесі енгізілген. Оқу процесінде АКТ қуыреттілік дағдыларын дамыту үшін жаңашыл инновациялық технологиялар қолданылады.



ҮЗДІК МЕКТЕП ҚАНДАЙ?

Бек Тұрмазев басшылық ететін мектеп тамыз айында Сыр еліндегі «Үздік орта білім беру ұйымы» номинациясын жеңіп алып, аймақ басшысы Гүлшара Әбдіқалықова білім ордасына 34 миллион теңге табыстаған еді. Бірнеше шарттан тұратын конкурста облыс көлеміндегі жеңімпазды анықтау үшін мектептердің соңғы 3 жылдағы білім деңгейі бағаланған. Оның ішінде білім сапасы, жоғары санатты кадр, материалдық-техникалық база, оқушылардың қауіпсіздігі, педагог мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру, инклюзивті білім алуға жағдай жасау мен халықаралық ынтымақтастық секілді критерийлер бойынша бағаланған.

№264 мектеп-лицей аймақта білім беру саласында үздіктер қатарынан табылуы орынды. Себебі соңғы үш жылда бұл білім ұясының шәкірттері республикалық деңгейде 45 және халықаралық деңгейде 15 рет жүлдегер атанған. Одан бөлек мектепте «Қазақстан Тәуелсіздігіне 25 жыл» төбелісінің 2 иегері, Білім және ғылым министрлігі «Алғыс хатының» 104 иегері және «Үздік педагог» байқауының 3 жеңімпазы бар. Лицейдің 9 шәкірті республикалық пәндік олимпиаданың жеңімпазы, шығармашылық байқауда 60 оқушы республикалық және 30 оқушы халықаралық деңгейде жүлдегер атанған. Мұнда білім алушылар спорт саласында да талай бәсекеде жеңіс төрінен көрінуде. Мәселен, 84 оқушы республика деңгейінде жеңіске жетсе, 43 оқушы халықаралық деңгейді жүлдегер атанған.

Биылғы оқу жылы басталғалы 5 шәкірт республика көлемінде жеңімпаз атанса, 1 оқушы халықаралық байқауда жеңімпаз атанған. Одан бөлек мектептегі 3 ұстаз АҚШ-та ағылшын тілін оқу грантын жеңіп алған. Бұл мектепте «Үш тұғырлы тіл» атты білім беру саясаты жүзеге асып жатқанының дәлелі. Бағдарлама нәтижесінде ұстаздар мен оқушылар білім беру кенісіндегі шет тілді ақпараттарды игеруге мүмкіндік алған.

Тәкей Есетов атындағы мектепте оқушылардың сабақтан тыс уақытын тиімді өткізуі үшін

Басы 1-бетте



де жағдай жасалған. Мұнда білім алушылар қолданбалы зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін ашылған 15x5 метр аумақты қияр, қызанақ, тәтті бұрыш өсіруге бағытталған жылыжай бар. 90758 кітап қоры бар кітапхана жанынан ашылған «Coworking» орталықта мектеп оқушылары кітап оқып қана қоймай, өзара оқыған кітаптары туралы ойларымен бөлісу мүмкіндігі бар. Сонымен қатар сандық подиуммен, STEM панель және ауа баптағышпен қамтамасыз етілген 800 орынға арналған АКТ залда мектепшілік іс-шаралар ұйымдастырылады.

2014-2015 оқу жылында Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейде ерекше білім алуы қажет ететін балаларды ерте жастан түзете-дамытып, оқушылар үшін

жаңа қырынан дамытып, аспан денелерін зерттеуге мүмкіндік бермек. Одан бөлек 10 дана STEM панель, мектеп АКТ залына LED экран алу жоспарда бар. Сондай-ақ мектепте дарынды балаларға арналған қосымша білім беру орталығы жұмыс жасайды. Сол орталықты құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуге де қаражат жұмсалмақ. Мектеп ұстаздарының кәсіби біліктілігін шыңдау үшін де бұл жылда зор көмек болмақ, – дейді мектеп директоры.

Жалпы өңірдегі үздік білім ордасы биылғы оқу жылына нық жоспармен қадам басқан. Мектеп ұжымы биылғы жылы да түлектердің ҰБТ-да жоғары балл жинауы үшін аянбай еңбек етуге дайын. Сондай-ақ түрлі олимпиада мен ғылыми жобаға қатысу, материалдық-техникалық базаны жетілдіру жоспарға енген. Басты мақсат – шәкірттерге сапалы білім беріп, болашағының жарқын болуына септігін тигізу.

Аймақтағы көшбасшы мектеп атанған Қызылордадағы Тәкей Есетов атындағы №264 мектептің бүгінгі жай-күйі осындай. Оқушылардың білім алуына бар жағдай жасауды басты миссия еткен мектеп ұжымы тек қана ілгері қадамдап, жоғары нәтижеге қол жеткізуді мақсат санайды. Ел ертеңіне бей-жай қарамайтын ұстаздар қауымы, жарқын болашаққа нық қадаммен баруды көздейтін шәкірттер бұл үшін аянбай еңбек етуде.

– Ең алдымен мектепте обсерватория ашу жоспарланып отыр. Ол өз кезегінде оқушыларды

Асқан НУРАЗҒАЛИ

АҒАРТУ САЛАСЫНА АРНАЛҒАН ҒҰМЫР

Балаларға біліммен бірге тәрбиені беріп, уақытының көбін елдің болашағына арнаған ұстаз деген ұлы атқа лайық тұлғалар да бар. Соның бірі – Т.Рысқұлов атындағы №222 орта мектепте мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, «Нала» әңгімелер жинағының авторы Ләззат Алмағамбетова. Кейінірек біз мұғалім жолы мен жауапкершілігін жақсы түсінеді. Себебі ол ұстаздар отбасында дүниеге келген.

– Әкем Арал ауданында білім беру саласының іргесін қалаған жанның бірі. Ұлы Отан соғысының ардагері, жауынгердің қызы екенімді әрқашан мақтан тұтамын. Менің де өмірім ағарту саласындағы еңбегіммен өрілді. Қазір ұстаздық жолда келе жатқаным 37 жыл болды, – деді Ләззат Алмағамбетова.

Өмірлік тәжірибе мен кәсіби тәжірибе адам баласының бойына терең білімді, ұшқыр ойлылықты, айналасына мейірім мен сыйластық қалыптастырады. «Мектепте әдістемелік бағытты басқаратын болғандықтан жыл сайын мектептің табалдырығын аттаған жас мамандардың ұстаздық мамандықты жақсы көріп кетуі, тәжірибесінің дұрыс қалыптасуына қамқорлық көрсету, мүмкіндіктерін аша білуге көмектесу, жалпы ұжыммен жақсы араласып кетуіне оң көзқараспен қарау менің негізгі міндетім. Соңғы жылдары жас мамандар өздерінің креативті ойларымен, ақпараттық технологияға жетістігімен алда келеді. Мектеп үшін бұл – қазіргі қажеттілік. Жанарғылан білім беру мазмұнын игеруде сыни ойлай алатын, сабақты жан-жақты әдістемелермен үйлестіре алатын, ақпараттық технологияны меңгерген мамандармен толығымен көңіл қуантады», – деген ойын ортаға салды әңгіме барысында Л.Алмағамбетова.

Әңгімелесу барысында үнемі ізденіс үстіндегі мықты маман иесі екенін байқадық. Сондай-ақ жас мамандарға жол көрсетіп жүреді.

– Мектеп директорының орынбасары мектептегі білім берудің жан-жақты мүмкіндігін дамытатын, оның мониторингін шығарып, дұрыс даму бағытын нұсқаушы. Қала мектептері директоры орынбасарларының үлкен әдістемелік чаты бар. Осы чат бізде ақпараттық болғанымен жастар тәжірибе жинақтау үшін көптеген ақпаратты бөлісіп отырамыз. Бұл бағыттағы орынбасарлардың көшбасшы болуы шартты. Себебі көшбасшы болудағы алгоритмдер мектептегі әдістемелік жұмыстың дұрыс қойылуының бірден бір параметрі дер едім.

Мектептегі оқыту, әсіресе осы онлайн форматындағы оқы-

Басы 1-бетте



рымдалық карта арқылы оқыту» әдістемелік авторлық бағдарлама физика пәнінің мұғалімі М.Кемеловамен бірігіп 2013 жылдан бері мектепте ҰБТ-ға дайындауда апробациядан өтіп, қолданысқа енді. Бірнеше жылдар бойы мектепте қолданбалы курсты осы бағдарламамен дайындап, физика пәні 100% көрсеткішке жетіп отыр.

Ал «100 жыр-жауһар» бағдарламасы да оқушыларды Сыр сұлейлері мен шайырларының маржан сөздерімен сусындату, жаттату мақсатында жасалды. Ұлт өнерін насихаттауда «Ғажайып гобелен» авторлық бағдарлама жарыққа шықпақшы. Бұл бағдарлама оқушыларға станоксіз, жеңіл оңай түрде гобеленді тоқу емес тігу түрлерін үйретуге бағытталып отыр.

Көмек сұраған жас орынбасарларға тәлімгер болудан жалыққан емеспін. Олардың жұмысы арқылы оқушы білімі өлшенеді. Ал білім басты орында тұруы қажет, – деді мамандығына құрметпен қарайтын мұғалім.

ІЗДЕНІС ТЕ, ИДЕЯ ДА, НӘТИЖЕ ДЕ БАР

Мектептегі білім берудің тірегі де, тіреуіші де мектептегі әдістеме. Сондықтан әдіскер әрқазір ізденісте, жаңа идеялардың жарысы болып жүруі керек. Осы мақсатта ол «Facebook» әлеуметтік желісінде мектептегі тәжірибесін насихаттау барысында «Мектептегі әдістеме», «Әдістемелік күн», «Әдістемелік сағат» айдарларын жүргізеді.

– Бұл айдарлардың әрқайсысының мақсаты бар. «Мектептегі әдістемеле» өз тәжірибесімен әдістемелік жұмыстардың жүргізілуін насихаттасам, «Әдістемелік күн» айдарында мектептегі әдістемелік күн жұмыстарын насихаттаймын. «Әдістемелік сағатта» әдістемелік күн жұмыстарын насихаттаймын.

Сонымен қатар мектептегі әдістеме үлкен тәжірибесін қажет етеді. Жас орынбасарларға арнап, көп жылғы тәжірибесін жинақтап бытырғы оқу жылында «Ізденіс. Идея. Нәтиже» атты әдістемелік нұсқаулық жинағын шығарды. Бұл нұсқаулықта мектептің оқу процесіндегі шығармашылық, жанашылдық, мониторинг жүргізу, сабақталдау, сабақты зерттеу, оқыту мен оқудағы мүмкіндіктер талдауы берілген.

– Шығармашылық бағыттағы жұмыстарыма тоқталсам, мектептің білім беру процесінде қолданыстағы «Физиканы тұжы-

Р.С. Білім саласында үздік тәлімгер, отбасында ауялы ана, әзиз әже атанған, жүзі жылылыққа, жүрегі жұмсақ кейіпкерімиз расында, бақытты жанның қатарында.

Ақтоқын НҰРЛЫБАЙ

Қалдырған ізің мәңгілік

«Ұстазым менің, Ұстазым, Өзіңнен өткен қыс, жазым. Қалдырған ізің мәңгілік, Жадымда тұрар жаңғырым».

Осы бір өлең жолдарында қаншама шәкірттің жүрегінде тұрған сонау бір ұстазға деген сағыныш пен ыстық ықыластың мәндері байланысқан. Шынымен де мектеп табалдырығынан үлкен өмірге қадам басқанына қанша жыл болған шәкірттердің жүрегінде ұстаздың орны мен ұстазға деген құрмет ешқашан жоғалмақ емес. Дүниедегі мамандық атаулының төресі – ұстаздық, барлық мамандық иесін тәрбиелейтін, оқытып үйрететін мейірімді, абзал жандар десем артық айтпағанымыз болар. Оның бейнесі – шәкірт үшін адамгершіліктің ең жоғары үлгісі, лаулаған жалыны әр жүрекке жылу сепіп, нұр құятын қуаттың, өмірдің қайнар көзі, тіршіліктегі шырақтың өшпес ошағы.

Адамның адам болып қалыптасуына ата-анасымен қатар, мұғалімнің де ролі зор. Мейлі, қандай маман иесі атансаңыз

да сізді осы өмірге жетелеген, осы шыңға жетуге себепші болған ұстазды ұмытуға хақыңыз жоқ. Оның еңбегін сыйлау, оған құрмет көрсету сол адамға деген сый-сияпат емес, сіздің тәрбиелі, тәлімді тұлға болғаныңыз. «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан» деп хакім Абай айтпақшы, әрбір ісіңіз жеңіске жетіп жатса, оның артында ұстаздың бір тамшы болса да еңбегі барын есте сақтағаныңыз жөн.

Қалай десек те шәкірт үшін ұстаздың орны бөлек. Өйткені мұғалім балаға білім беріп қоймайды, оның шырағданын да жағады. Сондықтан да адам өмірінде мәңгілік із қалдыратын жан ретінде суреттеледі.

Бақыт БЕКТІБАЙҚЫЗЫ,
қалалық білім бөлімінің қарасты қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының «Жас тілшілер» үйірмесінің жетекшісі

Ұстаз – ұлы ұғым. Алғаш әріп танытып, өмірдің қыр-сырын білуге, сан қилы құбылыстарын терең түсінуге мұрындық болып, жан дүниені нұрлы шуақ түсіріп, адамгершілікке баулыған мұғалімнің бейнесі қашанда жүрек тұкірінен орын алары анық. Оның алдында бас иемейтін жан жоқ.

ШӘКІРТ ҚҰРМЕТІ – МҰҒАЛІМ БАҚЫТЫ

Ұстаз дикан секілді. Ол адам жанына білім дәнін себеді. Әр шәкіртін аялап өсіріп, өмір атты шексіз ғаламға қанатын қатайтып ұшырады. Яғни алдына келген шәкіртін өмір сүре білуге тәрбиелеп, сол үшін аянбай тер төгеді. «Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан» деп ұлы Абай айтқандай, мұғалім тәрбиесі мен өнегесі – оқушының болашақ азығы. Жақсы ұстазға кезігіп, тәлім-тәрбие алған шәкірт өмір майданында мойымай күресіп, жол тандаудағы бағытынан сүрінбей өтері сөзсіз. Ол үшін білікті ұстаздан екі-ақ нәрсе талап етіледі. Оның бірі – терең білім, екіншісі – үлкен жүрек. Тәуелсіз елімізде өркениетке бастар жолдың тірегі мектеп десек, оның басты тұлғасы, жүрегі – мұғалім. Білім теңізінде мектеп атты кемеге міну ұстаздар қауымына зор жауапкершілік жүктейді. Жаһандану заманында бәсекеге қабілетті болудың басты көрсеткіші – білім. Олай болса, жүгі ауыр, қиындығы мол қызметте ұстаздар қауымынан тек қажырлы еңбек пен ізденіс талап етіледі.



Жауһар МОЛДАБАЕВА
Б.Ермекбаев атындағы №271 орта мектебінің директоры



БАЙҚАУҒА!

«Бұл жасқа келгенше жаман өткіздік пе, жақсы өткіздік пе, білмеймін, әйтеуір, бірталай өмірімізді өткіздік» деп басталатын Абайдың қара сөзіндегідей көп сауалға жауап іздеген алуан кезеңдерді бастан өткеріп келеміз. Елден ерекшелігін ештеңем жоқ, жұрт қатарлы ғұмыр кешіп келемін. Тек өзге ғұмырлардан менікінің артықшылығы болса, ол – тәңірімінен құт болған жалын жырым, қайта келмес абыройлы сәттерім. Сосын жаным жыылған жарқын жүзді жақсыларым.

БЕС ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ АЛДЫНДА АРНАУ АЙТТЫМ



Еліміз алғаш тәуелсіздік алған жылдары есімде қалған қызықты сәттер көп. Соның бірі 1992 жылы Алматы қаласында өткен бүкіл дүниежүзі қазақтарының құрылтайы еді. Сол құрылтайда сырбойлылықтар үлкен ақ боз ұй тікті. Елден шыққан өнімнің барлық түрін әзірлеп, қолөнер шеберлері өз туындыларын көрмеге қойды. Сонда Елбасының алдынан арнау айтып шығып былай дегенім есімде.

«Ассалаумағалайкум Нұр ағамыз,
Көргенде дидарыңды қуанамыз.
Қанеки, қонақ болып төрге шықшы,
Дастарханың жайып тұр Сыр Анамыз», – деп төкпелетіп жібергенмін. Сонда Алматы аспанында кенеттен ақша бүлт пайда болды, ақ жаңбыр жауа бастады.

Сол сәтте домбырамды қайта қағып жіберіп:
«Патшада бір құдайдың құлы емес пе,
Халықтың тандап сүйген ұлы емес пе.
Өзіңмен еріп келген аппақ жаңбыр,
Болашақ қазағының нұры емес пе», – дегенімде Нұрсұлтан Әбішұлы күліп жіберді. Сонымен ішке дастарханға кіріп, дәм ауыз тиді. Содан кейін ел арасында «Нүрекең қайда барса да ақ жауын жауып тұрады» деген сөз пайда болды. Ол бір ұлы құбылыстың қасиеті болса керек-ті. Бұл тәуелсіздіктің алғашқы жылдары есімде қалған қызықты сәттердің бірі болатын.

Тағы бір есімде қалған қызықты сәт, 1993 жылы Арал мәселесіне қатысты ортақ мәміле жасауға Сыр өңірінде бес мемлекеттің перзиденттері бас қосты. Сонда сазгер, ақын, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» Елена Әбдіхалықова екеуміз арнау айтқанбыз. Сонда Қырғыз Республикасының президенті Асқар Ақаевқа арнап:

«Туған жер менің киелім,
Басымды оған иемін.
Нағашының ауылына
Қош келдің, Асқар жиенім,
Аулымы алғаш кеп қалдың,
Ақ маңдайыңнан сүйемін, – дегенімде Нұрсұлтан Назарбаев: «Біздің қазақтың ақындары басын не де біледі, басын иген адамның маңдайынан сүйе де біледі», – деп айтқаны есімде қатты сақталыпты.

Индияның бірінші премьер-министрі Нарасимха Раоның Қорқыт баба кесенесіне келген кезі де күні кешегідей жадыма жаттаулы. Қасында хатшысы бірге еріп келді. Сол кездегі облыс әкімі Сейілбек Шауаханов, аудан әкімі Жақай Бодықбаев бәріміз Қармақшы ауданынан қарсы алдық. Сонда Индиядағы Радж Капурдың әнімен баянмен арнау айтып қарсы алғанымда Нарасимха Рао өз елінің әнін естіп ризашылығын білдірген болатын. Туымы бөлекте де таңқалдырған бұл қазақтың өнері еді. Одан кейін Түркияның президенті Сүлеймен Демирелге арнау айтып, ол кісі де айрықша ризашылығын білдіріп, дастархан басында жүз доллар берді. Ол кезде доллар біздің нарықта жоқ. Сол Сүлеймен Демирел сыйлаған доллар әлі сақтаулы. Жүз жырау шыққан қасиетті Қармақшы ауданында сол кездегі аудан әкімі Жақай Бодықбаев пен жары Шәрбан Тәжмаханқызының шаңырағынан Нарасимха Рао дәм татып, айрықша алғысын білдірді. Тәуелсіздікке жаңа қол жеткізіп жатқан жас мемлекеттің халқының көңілінде ертеңгі күнге деген қобалжу көп болатын. Сондай сәттердің барлығын ысырып қойып, келген қонағының алдына барып тосатын біздің қазақтың ақ жүрек аналары осы Шәрбан апаларымыз еді.

Бүгінде армандаған бақыттың бәрине қол жеткіздік. Кез келген адамның үйінде сілкіп салар оюлы көрпесі мен жаюлы дәм толы дастарханы дәйр. Тәуелсіз еліміз, бұйырса, бұданда зор жетістіктерге жете бермек. Мен соған кәміл сенемін.

Серік ЫДЫРЫСОВ,

ҚР Мәдениет саласының үздігі,
Қармақшы ауданының Құрметті азаматы

Елена Әбдіхалықова, ақын, композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

АУЫЛҒА НЕГЕ АСЫҒАМ?

– Кей ақындарды тану үшін оның шығармашылығымен жақсы танысу керек (әуелі өзі кейде өлеңін не болмаса ел арасында кеңінен таралған бір әннің сөзін мен жазғаным дегендей... таныстырып жатады) бір сөзбен айтқанда, кей ақындар өлеңінің артында тұрады. Сіздің өлеңіңізден бұрын ел өзіңізді таниды. Бұл сіздің тұлғалық ерекшелігіңізден, туа бітті адами болмысыңыздан болу керек. Әлде ең әуелі айтыс арқылы танылғаныңыздың әсері ме?

– Айтысқа да бір кісідей қатыстым, әрине. Талай рет жүлдегер атандым. Сыр бойының намысын талай долада шамам келгенше қорғадым. Ел мені де өнерім арқылы таниды. Менің мен болғаным, өнерімнің, осы уақытқа дейін өнер мен әдебиетке барынша адал еңбек етіп келе жатқандығымыздың жемісі. Әйтпесе, ғайыптан тайып, хайыптан байып жүргенім жоқ.

– «Еленаның волгасы» деген бренд бар бізде. Ол тіпті сіздің есіңізде де жоқ шығар. Қазақтың бір қарапайым азаматы әлі күнге дейін көлігін «Еленаның волгасы» деп бренд қылып мініп жүргені жайлы былтыр бізде бір редакцияда сөз болған. Қазақтың ақын қызына көрсетілген зор құрмет деп қабылдадық. Қайсыбір жылдары БАҚ беттерінде Айнұрдың көлігін санағанындай, сіздің айтыстан жеңіп алған көліктеріңізді санайын деген ойым жоқ. Әйтсе де көліктеріңіздің бәрін саттыңыз ба? Жалпы, өзіңіз көлік жүргізесіз бе?

– «Зор құрмет» пе, әлде, келеке еткені ме? «Елена» «Волгадан» басқа көлік жоқ» дегені ме? ... Десе, дегендей ғой. 2 «Волга» болған. Оның бірін Фариза апам сыйлаған, екіншісін Оңтүстік Қазақстан облысында өткен халықаралық айтыстан мінгенмін. Екеуін де бауырларыма бергем. Берген заттың соңынан тексеру жүргізбеймін. Қажеттеріне жаратқан шығар. Өзім көлік жүргізсем деп армандаймын, бірақ қорқам. Әсіресе, біздің елордаға көлік көп, кептеліс. Мен сияқты үнемі ой үстінде жүретін адамға қиындау шығар деп ойлаймын. Шиелілік Ақәділ деген інім өзі ертіп жүріп, жүргізуші күәлігін алып берген. Бірақ көлігім жоқ. Осы астанаға келгелі бір көлік несиеге алғанмын, оны үйдегі балам мініп жүр, мен – «Жаяу Мұсаның қарындасымын!» деймін жұртқа.

– Елена десе елдің аузында сіздің мінезділігіңіз айтылады, әрине, жақсы мағынасында. Өзіңіз айтқандай, мінез дегенде ешкімнің басын жарып, көзін шығарған жоқсыз ғой. Сіздің харизмаңыз, қазіңше айтқанда, мысыңыз басады. Бұл жақсы ма, жаман ба?

– Адамның мысы болмаса кісі болудан қалады ғой. Ал, өзіме өте момын, аңғау адам сияқтымын.

– Мінез адамға атаның қанымен, ананың сүтімен сиеді. Ата-ананыз дегенде көз алдыңызға балалық шақтың қандай суреттері елестейді?

– Мына жарық дүниедегі ең көркем, ең мөлдір, ең бақытты, жап-жарық күндер елестейді. Әкем мен шешем ешқашан ешкімнің ала жібін аттаған емес. Өтірік айтқан емес, өсек сапырған емес! Мені барынша еркелетті. Не ішем, не киім десем, бәрін беретін. Олар маған «өйт-бүйт» деген емес. Мен олардың істеген істерінен үйрендім. Көргенімді үйрендім!

– Туған жерге соңғы рет қашан келдіңіз?

– Осы жазда туған ағам дүние салып, жерлеуге бардым.

– Архивте зерттеу жұмыстарына байланысты бұрынғы «Жаңадария», қазіргі «Жалағаш жарысының» 1988 жылдардағы тігіндісін қарап отырып, сіздің сол уақыттарда беташардың мәтінін сынап жазған мақалалыңызды көзім шалды. «...Қаптың аузы ашық деп, құрт ұрлама келіңше» деген жолдар қазіргі заманға лайық па? Осы беташардың сөзінде қандай мән бар?...» деп жазысыз. Сол 18 жасыңызда сөздің мәніне алаңдасаңыз, бүгінгі сөз қадірі туралы тіпті көзге жас алып айтуға тұра келетін шығар. Қоғамның қандай мәселесіне алаңдайсыз?

Шын ақын мен нағыз жазушыны дәріптемейді. Оны айтсам, сорақылықтың түбі жоқ... Қоғамда, осынау кең байтақ мемлекетте сөздің парқы, адамдық нарқының «пликтустан төмен» түскеніне алаңдаймын. Ұрпақтың болашағы, мемлекеттің ертеңгі бір секунд та мийманнан шыққан емес.

– Ол мақалам «Беташардың беделі түспесін» деп аталатын мақала еді, сол уақытта «Лениншіл жас» газетіне де қатар шықты. Дұрыс айтасыз, сөз қадірі қашты, қашырды ғой қазір. Өйткені қоғам да, билік те сөз парқын білетін адамдарды құрметтемейді. Шын ақын мен нағыз жазушыны дәріптемейді. Оны айтсам, сорақылықтың түбі жоқ... Қоғамда, осынау кең байтақ мемлекетте сөздің парқы, адамдық нарқының «пликтустан төмен» түскеніне алаңдаймын. Ұрпақтың болашағы, мемлекеттің ертеңгі бір секунд та мийманнан шыққан емес. Ұлттың рухы мен жаны, мәдениеті мен өнеріне алаңдаймын.

– Сіз футбол көреді екенсіз ғой. Тіпті 2016 жылғы Еуропа чемпионатында Криштиану Роналдуға арнаған өлеңіңізді ақындардың өзі шабыттанып, өлең шығарып жатыр деп жариялады сайттар. Бірақ сол өлеңді оқып отырып, менің жүрегімді мұң тербеді. Сіз футболдан ойын үшін емес, ойлап көретін сияқтысыз, тіпті басқа бір нәрсе ойлап отыратын сияқтысыз. Мәселен, футболдың философиясы...

Басы 1-бетте



– Иә. Спорттың барлық түріне делебем қозады. Жанқүйерім. Әсіресе, біздің спортшыларға. Футболдың шығуы, бүкіл адамзатты ұйыта алғаны, қазіргі тұлғалары қызықтырады. «Доп тепкен де өнер ме?» деп ойлаймын кейде... «Адамзат санасының өсуіне қандай ықпалы бар?» деп ойлаймын. ...Негізі, сол өлеңімдегідей қатыгездіктен туған ойын сияқты көрнеді маған... Сонда, адамзат қатыгездіктің өзнен ойын жасап, бизнеске айналдырып және жұмыр жерді қол соққызып, елітіріп қойғандай елестейді.

– Сіз, жалпы ойдың адамысыз. Өлең де – ой. Ән де ойдан туады. Осы бір әдейілеп көңіл көтерейікші бір дейтін құрбыларыңыз бар ма? Сіз үшін жақсы демалыс деген не?

– Бар, әрине, бірақ көп емес. Мен үшін жақсы демалыс – жан-дүниеңе рахаттанған сәт. Жан-дүниең өресі биік, өнегесі мол бір жақсымен бірге отырып, шай ішсең рахаттануы мүмкін немесе ойға алған жұмысың оңғарылып, шешімін тапса, болмаса, қарапайым бір қаймананың бақытты сәтіне қуанып, сезіне алғанда. Өкінішке орай, ондай адамдар да, сәттер де жоқтың қасы ғой...

«Доп тепкен де өнер ме?» деп ойлаймын кейде... «Адамзат санасының өсуіне қандай ықпалы бар?» деп ойлаймын.

– Жас балаша қуантатын нәрселеріңіз бар ма?

– Ұшқан құстарды көрсем де, аппақ қардың жапалақтап жауғанына да қуанып қалам... Жаңбыр жауса да... Табиғат қуантады, мені.

– «Фариза апа» деген мақалаңызды оқыған кезде «...Қызылордаға «сыймай», анығы «сыйдырмай» Астанаға келген кезіңнен бастап...» деген жолдарды оқып отырып, сіздің туған жерге өкпеніз бар сияқты деген сұрағымды ірке алмай отырмын...

– Біздің Сыр бойының қарапайым еңбекқор, ақпейіл халқына мәңгілік қарыздармын! Туған жерге ешқандай өкпе жоқ! Өнерімді көре алмай, жолымды кескен, қиянат жасаған, өсектеп, өтірік жала жапқан, өкпелеткен адамдар бар, бірақ... Әлі тірі жүр олар... Таласбек Әсемқұловтың бір мақаласында «Сталин өлгенмен, сталинизм өлген жоқ» дегені бар еді.

– «Сыр елі» деген әңгіңізде сіздің осы бір туған өлкеге деген шексіз махаббатыңыз сезіледі. Көкшетаулықтардың «Апыр-ай, Қызылордаға да арнап сондай ән шығарады екен-ау» дегенге ұқсас бір сөзін оқып, ішек-сілем қатып күлгенім есімде. Сонда сіздің қызылордалық болғаныңыз үшін керемет мақтаншыл сезімі болды, менде. Әйтпесе сіз болмасаңыз, ондай ғажап әнді бізге кім арнап шығарар еді? Сізді, басқа әндеріңізді айтпағанда, осы әңгіңіз үшін, сосын «Маңғыстау» деген керемет әңгіңіз үшін нағыз патриот деп бағалар едім. Сіздің бұған алып-қосарыңыз бар ма? Сіздіңше патриот деген кім?

– Патриот болу үшін ән жазу міндет емес. Айқайлап, көшеге шығып, кеуде соғып, ұрандаудың да, «анау өйтіп жатыр, мынау бүйтіп жатыр» деп жұртты айтақтаудың да қажеті жоқ. Өзіңнің шамаңа қарай, ісіңнің толыққанды маманы болсаң, сол ісінді адал атқарып, халықтың ісінде ақиқатқа ғана жүгініп, адамдардың тағдырымен ойнамасаң, сол жетіп жатыр... Бірақ, бізде айқайшыл, ұраншыл біреулер пиар жасап патриот болып жүр ғой. Олар осы әрекеттеріне әбден машықтанғаны сондай, беттеріне «маска» болып жабыса қалды. Ол «маскаларды» шешіп, арғы жағын қарауға құзырлы адамдардың өзі «маска» киіп алған, бірі шешсе, бәрі шешу керек, сосын кім шешсін?... Бір күні сол «маскалар» шешілер болса... неше түрлі дию, жың, құбыжық, мыстан, аждаһа, жалмауыз, сұм-сұрқия, ұры-залым... сұмдықтар шұбырып шыға келетінін елестете беріңіз... Қорқынышты...

«Сыр елі» – Сыр елінің қарапайым халқына, елге арналған ән. Жарыққа шыққанына 30 жылға жуықтады. Сол 23 жасымағы менің жүрегімнің лүпілі. Өзім де қарапайым ауылдан, көпбалалы отбасынан шыққанмын.

– Биыл ел тәуелсіздігінің 30 жылдығын атап жатырмыз. Осы 30 жылдықта ауыз толтырып айтатын мақтанышымызды айтып бере аласыз ба? Сондай-ақ өттеген-айымыз, жұрт болып жұмылып, жете алмай жатқан асыл мұраттарымыз...

– «Жеңілген палуанға да бәйге берген» пейілмен қарасақ, «анау жақсы, мынау жаман» дей алмаймын. 30 жыл оңай болған жоқ. Сонау 1991 жылдары ақшасы, күнкөрісі жоқ, экономикалық қиыншылықты да халық еңсерді. Әйелдер ала қап арқалап, базар жағалап, ұлттың сақталуына себеп болды десем артық емес. Оқуды енді бітіріп, еңбекке араласқан менің замандастарыма да оңай болған жоқ, жылдап айлық алмай, отбасын асырадық. Сонда да түңіліп, тозып кеткеніміз жоқ. Қазір Құдайға шүкір ғой. Бүгін билікке сол 1990 жылдарда тұған, Гарвардты, Кембриджді бітірген балалар келіп жатыр, олар алдыңғы буынның қиындықтарын біле ме екен? Әбіс ағаның «Ел болу – қызыңның арымен, ұлыңның қанымен болатын дүние» дегені бар еді. 30 жылда арымыз да, қанымыз да аз төгілген жоқ. Енді, қайтсек те мәңгілік ел болып, мемлекет болып қалудың қамымен айналысу керек! Басқа сөздің бәрі – бекер!

Олар осы әрекеттеріне әбден машықтанғаны сондай, беттеріне «маска» болып жабыса қалды. Ол «маскаларды» шешіп, ар жағын қарауға құзырлы адамдардың өзі «маска» киіп алған, бірі шешсе, бәрі шешу керек, сосын кім шешсін?... Бір күні сол «маскалар» шешілер болса... неше түрлі дию, жың, құбыжық, мыстан, аждаһа, жалмауыз, сұм-сұрқия, ұры-залым... сұмдықтар шұбырып шыға келетінін елестете беріңіз...

– Туған жерге оралғыңыз келмей ме?

– Осы Өлеңнен түсінерсіз.

... Ауылға неге асығам, інім, Асыл ән күткен кімдерден? Аңсау да бүгін – жасыған ұғым, Қаусатып жанды үлгерген.

Ауылды жырлап, жұт, мейлі, өттің заңарын қанша – далбаса!
Елімде мені күтпейді ешкім, әнебір мола болмаса.

Айтылмай атым, өшірсін елі,
Жарылсын кеудем ағынан:
тірлерді емес, кешірсін мені,
өлілерді көп сағынам.

Қамыты күннің мойынымда әлі,
Кім білген кімнің бағасын?
Қайырымсыздың тойып ұлдары –
көруге жоқпын ағасын!

Асығам бар деп сағынған бауыр –
Туған жер десе таңдау жоқ.
Айықтар арай таныған ауыл –
Молалар күтіп қалды-ау деп.

Ақтарам сосын соларға барып,
Күйдіріп жанды жанғанда от!
Сөзімді тыңдап, болам ба ғаріп –
Тірде ешкім қалған жоқ!

Доңыз да хансып, қоңыз да жаншып,
тағдырым көпке мәлім дүр...
Қарыз да таңсық, парыз да мансұқ,
Арыз жоқ жалғыз ауыл бұл!

Жүрегім жүктен қалады арылып,
Сұратпай айтсам халімді,
Күрсініп тұрар молалар ұғып,
Тірілер ұқпас жанымды.

Ар, Мейір, Шуақ жоқтап әр таңы
Арылды менен мұң қашан?!
Тектілік болып тоқтап айтады
Құлпытастарды тыңдасам.

Тірілерді сан түсініп көрдім,
Түршіліп келдім, азар хал!
Биіктік пенен кісіліктердің
Мекені сынды Мазарлар!

Не десем екен, жыны меңдеген
Сөз ұқпас қара – қауымға?
Тіл – Ділім өлең!
Тірімін бе мен?!
Көшсем ғой мола – ауылға!

Қоштасқан сайын мұңыма у сап,
көтердей екінің келмей,
Оралмай кетсем, сыйыма сусап,
молалар жетімірердей.

...татсам да тірлік таңының нәрің,
ат басын елге бұрмай көп.
Тілеймін, шыным, ауылым – мәнім –
Молалар аман тұрғай деп...

Сұхбаттасқан Айжан ЖҰМБЕКҚЫЗЫ,
арнайы «Ақмешіт апталығы» үшін

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орыңбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, болшылар - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т. Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-1.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Аптағына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтінін, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігін ескертіледі.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4424 Тапсырыс №1436

Нөмірдің кезекші редакторы Ерсін ШАМШАДІН